

Басқарма мүшесі,
стратегиялық даму жөніндегі проректор,
профессор, педагогика ғылымдарының
докторы

Б.А. Жетпісбаева

" 23 " 12 2020 ж.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің 2020-2021 оқу жылына арналған сапа саласындағы мақсаттары

№	Мақсаты	Мақсатқа жету үшін ресурстар	Мақсатқа жету кезіндегі тәуекелдер	Тәуекелдерді басқару	Мерзімі	Бизнес-үдеріске жауапты проректор
1	Университеттің бейінін жаңарту (ребрендинг): жоо-ның ұйымдық-құқықтық мәртебесінің «Шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорыннан» «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамға/КЕАҚ-қа өзгеруіне байланысты жаңа логотип (тауар белгісі), жаңа ұйымдастырушылық модель және т.б.	1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 11.10.2019 ж. №752 «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті» ІІДЖҚ РМҚ-ны «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ етіп қайта құру туралы қаулысының және жоо-ны КЕАҚ ретінде 23.06.2020 ж. мемлекеттік тіркеудің болуы (Мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті алған күні 27.08.2020 ж.). 2. Университет құрылымында университет қызметінде заңдылықтың сақталуын және оның құқықтық мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз ететін заң басқармасының болуы. 3. Ребрендингке қатысты қажетті және жеткілікті ресурстар: - мамандандырылған бөлімше –	Іс-қимылдардың, басқару шешімдерінің жеткіліксіз үйлестірілуінің себептері бойынша ребрендинг процесін баяулату немесе тоқтата тұру.	Жаңа логотипті әзірлеу бойынша жобалық топтың жұмысын үйлестіру үшін маркетинг және рекрутинг басқармасына; жаңа тауарлық белгіні/логотипті (брендті) мемлекеттік тіркеу рәсімін жүзеге асыру бойынша ғылым және коммерцияландыру басқармасына; жаңа логотипін таңдау мақсатында университет сайтында онлайн дауыс беруді ұйымдастыру және өткізу бойынша Ақпараттық технологиялар және телекоммуникациялар орталығына, университеттің баспасөз қызметіне тұрақты бақылауды қамтамасыз ету.	2020 жылғы III-IV тоқсан	Стратегиялық даму жөніндегі проректор, академиялық мәселелер жөніндегі проректор, ғылыми жұмыс жөніндегі проректор

		Маркетинг және рекрутинг басқармасы тұлғасында үйлестіру органының болуы; - білім алушыларды, ПОҚ және қызметкерлерді жедел ақпараттандыру үшін ұйымдастыру-техникалық жағдайлардың болуы; - шешімдерді талқылау және қабылдаудың ашықтығы, демократиялылығы мен алқаластығы.				
2	БСҚТА агенттігінде бакалавриат пен магистратураның 9 білім беру бағдарламасын мамандандырылған қайта аккредиттеу туралы сертификаттар алу: 5B060700/6B05101– Биология, 5B011300/6B01509– Биология, 6M060700/7M051080– Биология, 5B011900/6B01705-Шет тілі: екі шет тілі, 6M011900/7M01701901- Шет тілі: екі шет тілі, 5B050700-6B04101- Менеджмент, 5B090200-6B11101-туризм, 6B04201- Құқықтану, 7M04201– Құқықтану.	1. 02.12.2014 ж. бакалавриат пен магистратураның 9 білім беру бағдарламасы бойынша табысты бес жылдық аккредиттеудің болуы, ACQUIN Германия агенттігі. 2. БСҚТА агенттігінің мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу өлшемдеріне сәйкестігі. 3. ҚР БҒМ 1 тізілімінде БСҚТА агенттігінің болуы (ҚР жоғары оқу орындарына аккредиттеуден өту үшін ұсынылған аккредиттеу органдары). 4. Университет құрылымында институционалдық және мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу рәсімін қажетті ұйымдастырушылық және консалтингтік сүйемелдеуді көрсететін мамандандырылған бөлімше – Стратегиялық даму	1. Қазақстан Республикасының аумағында және жоғары оқу орындарында коронавирустың әлемдік пандемиясына және карантиндік режимге байланысты аккредиттеу аудитін жүргізу мерзімдерінің, тетіктері мен нысандарының өзгеруі. 2. Университеттің мамандандырылған аккредиттеу жөніндегі серіктесі – БСҚТА агенттігіне қатысты ҚР БҒМ 1 тізілімінің аккредиттеу органдарының тізбесін өзгерту. 3. Университеттің білім беру бағдарламаларын мамандандырылған қайта	1. Әлемдік коронавирустық пандемия жағдайында академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті қызметінің карантиндік режимі жағдайында аккредиттеу аудитін жүргізуге бейімделген жаңа тетіктер мен нысандарды іздеу және құру. 2. Әлемдік коронавирустық пандемия жағдайында карантиннің күшеюіне байланысты аккредиттеу рәсімінің баяулауы немесе кейінге қалдырылуы. 3. ҚР БҒМ 1 тізілімінен басқа аккредиттеу органымен мамандандырылған аккредиттеу туралы шарт жасасу. 4. Апелляция беру және БСҚТА агенттігінің Аккредиттеу кеңесінің оны тануы бойынша позициясының негіздемесі және мамандандырылған	2020 жылғы III тоқсан	Стратегиялық даму жөніндегі проректор, академиялық мәселелер жөніндегі проректор

		басқармасының болуы.	аккредиттеу нәтижелерін БСҚТА агенттігін аккредиттеу талаптарына сәйкес емес деп тану.	(бағдарламалық) аккредиттеуден өтуге жаңа өтінім беру.		
3	Шетелдік студенттерді тарту және олардың білім алушылардың жалпы санынан үлесін 2,5%-ға дейін ұлғайту.	1. Университет құрылымында шетелдік студенттерді тарту мәселелері бойынша сыртқы агенттермен белсенді өзара іс-қимыл жасайтын Халықаралық ынтымақтастық басқармасының және Маркетинг және рекрутинг басқармасының болуы. 2. Университет құрылымында ҚБТ қолдана отырып, оқыту үдерісін ұйымдастырушылық, әдістемелік, ақпараттық және техникалық сүйемелдеуді жүзеге асыратын Қашықтықтан оқыту орталығының болуы. 3. Шет тілдерін меңгерген және ғылыми және академиялық дәрежесі бар оқытушылардың сапалық құрамының болуы.	1. Білім беру қызметтері нарығында бәсекелестікті күшейту. 2. Жекелеген оқытылатын пәндер бойынша оқытушылардың тілдік базасының әлсіздігі. 3. Шетелдік білім алушылар үшін университеттің білім беру қызметтері тартымдылығының төмендеуі. 4. 2020 жылғы әлемдік коронавирустық пандемияға ұқсас форс-мажорлық жағдайлардың пайда болуы.	1. Университеттің неғұрлым айқын маркетингтік және рекрутингтік саясатын жүргізу. 2. Университеттің бәсекелестік артықшылықтарын анықтау және дамыту. 3. Шетелдік білім алушыларға білім беру қызметтерін көрсету бойынша жаңа перспективалы әріптестермен академиялық ынтымақтастықты және желілік өзара іс-қимылды белсенді дамыту. 4. Академиялық саясаттағы екпінді студенттерді жаратылыстану, инженерлік және басқа да бейіндегі тілдік емес білім беру бағдарламаларына тартуға көшіру. 5. «Болашақ» халықаралық бағдарламасының түлектерін университетте оқытушылық қызметке тарту.	2021 жыл	Академиялық мәселелер жөніндегі проректор, стратегиялық даму жөніндегі проректор
4	Мамандарды даярлау бағыттары бойынша кемінде 10 білім беру бағдарламасын оңтайландыру.	1. Университет құрылымында университеттің кадрларды даярлаудың негізгі бағыттарын, оның ішінде іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесін айқындайтын құзыретті	1. Білім беру бағдарламаларының бағыттары бойынша талапкерлерді қабылдаудың төмендеуі. 2. Даярлау бағыттары	1. Қолданыстағы білім беру бағдарламаларын қайта қарау және бакалавриат пен магистратураның өзекті емес ББ-ын тізілімнен алып тастау. 2. Кәсіптік бағдар беру	2021 жыл	Академиялық мәселелер жөніндегі проректор

		ғылыми-әдістемелік органның – Академиялық кеңестің болуы. 2. Университет құрылымында білім беру бағдарламаларының табыстылығы мен қажеттілігін түзетін Оқу-әдістемелік басқармасының және Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру басқармасының болуы.	бойынша университетке бөлінетін мемлекеттік гранттар санының азаюы. 3. Факультеттердің кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша соңғы 2 жылда білім алушыларды үздіксіз қабылдауды жүзеге асыруына байланысты проблемалардың болуы.	жұмыстарын онлайн / оффлайн өткізу. 3. Университет ББ туралы буклеттер шығару және тарату, әлеуметтік желілерде ақпарат орналастыру. 4. Аралас инновациялық білім беру бағдарламаларын (немесе қос дипломды білім беру бағдарламаларын) әзірлеу. 5. «Колледж–жоо» бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу (А. Құнанбаев атындағы Саран гуманитарлы-техникалық колледжі, Тәттімбет атындағы Қарағанды өнер колледжі)		
5	Университеттің «Karaganda Buketov University» жаңа брендімен QS World Universities Rankings Top 801+ әлемдік рейтингіне енуі және QS EECA жоғары оқу орындарының халықаралық өңірлік рейтингінде позициясын 145-ке дейін жақсарту.	1. Университет көрсеткіштерінің QS әлемдік рейтингінің және QS EECA Халықаралық рейтингінің критерийлеріне сәйкестігі. 2. Консалтингтік қызметтерді алу, QS Intelligent Unit-пен үш жылдық шарт шеңберінде Қарағанды университеті үшін QS әлемдік рейтингінің жетекші сарапшыларымен бенчмаркинг жүргізу (2020-2022 жж.).	QS әлемдік рейтингінде және QS EECA жоғары оқу орындарының халықаралық өңірлік рейтингінде университеттің институционалдық позицияларының төмендеуі.	1. Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің QS әлемдік рейтингісінде позицияларын жақсарту бойынша Жол картасын орындауы. 2. QS Intelligent Unit әлемдік рейтингінің жетекші сарапшылары ұйымдастырған QS әлемдік рейтингінің 5 мақсатты онлайн семинар-консультациясына қатысу. 3. QS World Universities Rankings әлемдік рейтингінде университет жетістіктері мен QS Intelligent Unit консалтинг ұсынымдары негізінде «Karaganda Buketov University» жаңа брендімен университет бейінін жаңартуды қамтамасыз ету.	2020 жылғы қыркүйек-2021 жылғы маусым	Стратегиялық даму жөніндегі проректор

6	Профессор-оқытушылар құрамының Thomson Reuters және Scopus халықаралық ғылымиметрикалық деректер базасына кіретін нөлдік емес импакт-факторлы халықаралық индекстелетін журналдардағы ғылыми жарияланымдарының саны кемінде 180.	1. Халықаралық журналдарда жариялау тәжірибесі бар жоғары білікті профессор-оқытушылар құрамының болуы. 2. Университет құрылымында университеттің жарияланымдар жоспарының орындалуын үйлестіруді жүзеге асыратын мамандандырылған бөлімшенің – Ғылым және коммерцияландыру басқармасының болуы. 3. Осы көрсеткішті қоса алғанда, факультет КРІ бойынша декандар мен бөлім басшыларының тоқсан сайынғы есеп беру тәжірибесінің болуы.	Жоспарланған жарияланымдар санының азаюы және соның салдарынан QS университеттерінің әлемдік рейтингіндегі университет позициясының төмендеуі.	Университеттің мамандандырылған бөлімшесі – Ғылым және коммерцияландыру басқармасының университеттің күнтізбелік жылға арналған КРІ орындау шеңберінде университет оқытушылары жарияланымдар жоспарының орындалуына жүйелі мониторингті қамтамасыз етуі.	2020 жыл	Ғылыми жұмыс жөніндегі проректор
7	ҚР жоғары оқу орындарында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тетіктерді кезең-кезеңімен енгізу шеңберінде «сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің менеджері» біліктілігін бере отырып, ISO 37001:2016 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйелері» халықаралық стандарты шеңберінде әкімшілік-басқару және басқарушы-оқытушылар құрамының кемінде 200 өкілін оқытуды ұйымдастыру.	1. Университет құрылымында Стратегиялық даму басқармасы (СМДЖ және ИСО ХС 9001:2015 саласында мамандандырылған), Заң басқармасы және Мемлекеттік сатып алу бөлімі (қызмет көрсетуге шарт жасасу) тәрізді құрылымдық бөлімшелердің болуы. 2. Университетте сертификатталған сапа менеджменті жүйесінің ХС ИСО 9001:2015 болуы. 3. Университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді жүйенің болуы, академиялық адалдық қағидаттарын сақтау.	1. ХС ИСО 37001:2016 шеңберінде сертификатталған серіктес ұйыммен шарт жасаспау. 2. Оқу семинарын өткізбеу және университеттің әкімшілік-басқару және басқару-оқытушылар құрамының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті саласында білім мен дағдыларды алмауы.	1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті саласында консалтингтік қызметтер нарығының уақтылы мониторингін жүргізу. 2. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйелері» ISO 37001:2016 халықаралық стандарты бойынша оқыту семинарын өткізу бойынша серіктестік ұйымды таңдау.	2020 жылғы IV тоқсан	Стратегиялық даму жөніндегі проректор

8	149 білім алушының сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысуы.	1. Университетте білім алушылардың сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлығы рәсімдерін ұйымдастырушылық және үйлестірушілік сүйемелдеуді жүзеге асыратын мамандандырылған бөлімше – Халықаралық ынтымақтастық басқармасының болуы. 2. Шетелдік азаматтар үшін академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқу үшін стипендия тағайындауға және білім алушылардың, ПОҚ-тың, әкімшілік-басқару персоналының, ғылыми қызметкерлердің академиялық ұтқырлыққа қатысуы үшін конкурстар өткізудің ашық қолжетімді институционалдық рәсімінің болуы	Әлемдік коронавирустық пандемиядан туындаған объективті сипаттағы жағдайларға байланысты білім алушылардың сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысу қарқынының баяулауы.	1. Жоо-ның ұйымдық-құқықтық мәртебесінің өзгеруіне және 2020 жылғы әлемдік коронавирус пандемиясына байланысты «Шетел азаматтары үшін академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқу үшін стипендия беруге конкурс өткізу туралы ережені» және «Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің білім алушыларының, профессор-оқытушылар құрамының, әкімшілік-басқару персоналының, ғылыми қызметкерлерінің академиялық ұтқырлығы туралы ережені» өзектендіру. 2. Әлемдік коронавирустық пандемия жағдайында академиялық ұтқырлықты жүзеге асыру үшін виртуалды ұтқырлықтың жаңа нысандарын енгізу.	2020-2021 оқу жылы	Стратегиялық даму жөніндегі Проректор
9	Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің СМЖ-н ISO 9001:2015 халықаралық стандартына сәйкестікке қайта сертификаттау және үш жылдық SGS сертификатын алу.	1. Университеттің сертификатталған сапа менеджменті жүйесінің болуы: Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті СМЖ-нің ISO 9001: 2015 халықаралық стандарт талаптарына сәйкестігі туралы сертификаты (әрекет ету мерзімі 10.07.2018 ж. бастап	Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің СМЖ қайта сертификаттау аудитінің нәтижелерін ISO 9001:2015 стандартының талаптарына сәйкес емес деп тану.	1. 1-ші және 2-ші жылдардағы қадағалау аудиттерінің табысты нәтижелілігін қамтитын университеттің және SGS сертификаттау компаниясының үш жылдық шартының болуы. 2. Сертификатталған аудиторлардың 2020-2021 оқу жылына ішкі аудит жүргізуі (ISO	2021 жылғы II тоқсан	Стратегиялық даму жөніндегі проректор

		03.05.2021 ж. дейін). 2. Басшылық тарапынан, оның ішінде ҚарУ СМЖ ішкі аудит рәсімі арқылы үздіксіз жақсартудың ішкі тетігінің болуы. 3. 3 сертификатталған ішкі аудиторлардың болуы (ISO 9001: 2015 стандарты).		9001: 2015 стандарты). 3. 2019 жылғы SGS қайта сертификаттау аудитінің ұсынымдарын орындауға қатысты басшылық тарапынан талдау жүргізу.		
10	Волонтерлік қызметке университет білім алушыларының кемінде 9,84% -ын тарту.	1. Университетте білім алушылар мен жас оқытушыларды жыл сайын университетте тәрбиелік және әлеуметтік-мәдени сипаттағы кемінде 200 іс-шара өткізу арқылы әлеуметтік пайдалы қызметке тартудың кең тәжірибесінің болуы (2020 жылы әлемдік коронавирустық пандемия туындағанға дейін). 2. Университет құрылымында студент жастармен жұмыс жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің – Әлеуметтік мәселелер жөніндегі департаменттің және Жастар саясаты басқармасының болуы.	Сыртқы сипаттағы жағдайларға байланысты көрсеткіштің төмендеуі: әлемдік коронавирус пандемиясы салдарынан бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыруға және оған қатысуға қатысты карантиндік режим.	Әлемдік коронавирус пандемиясы салдарынан елде карантиндік режимді сақтау жағдайында студент жастар үшін әлеуметтік-тәрбиелік сипаттағы іс-шараларды ұйымдастыруды қамтамасыз ету және қызметтің осы бағытына мониторинг жүргізу.	2020-2021 оқу жылы	Әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор